

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Сейдуалиева Зульфира Советбекқызы**

**МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДА ТІЛ САЯСАТЫН 2020-2025  
ЖЫЛДАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

«7M041- Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«Мемлекеттік саясат»  
білім беру бағдарламасы

Мемлекеттік саясат магистрі  
дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ п.ғ.к. Н.Т. Туленбергенова

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 жыл

Басқару институтының директоры: \_\_\_\_\_ э.ғ.к. Р.А. Турчекенова

**Нұр-Сұлтан, 2021**

## МАЗМҰНЫ

<b>Нормативтік сілтемелер.....</b>	<b>3</b>
<b>Белгілер мен қысқартулар.....</b>	<b>4</b>
<b>Кіріспе.....</b>	<b>5</b>
<b>Зерттеу талдауы және нәтижелері</b>	
1 Мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың теориялық негіздері.....	11
2 Мемлекеттік тіл саясаты: халықаралық тәжірибе және қазақстандық тәжірибе .....	14
3 Мемлекеттік органдарында тіл саясатының іске асырылуының ағымдағы жағдайы және даму перспективалары.....	22
<b>Қорытынды .....</b>	<b>39</b>
<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....</b>	<b>41</b>
<b>Аналитикалық жазбахат .....</b>	<b>45</b>

### **Нормативтік сілтемелер**

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік актілерге сілтемелер пайдаланылды:

1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

## **Белгілер мен қысқартулар**

ҚР – Қазақстан Республикасы

БҒМ– Білім және ғылым министрлігі

НҚА – Нормативті құқықтық актілер

ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

СІМ – Сыртқы істер министрлігі

ІІМ –Ішкі істер министрлігі

## Кіріспе

**Зерттеудің өзектілігі.** Кез келген мемлекеттің ұлттық құндылығы – тіл. Тіл – сол елдің тарихын, руханиятын, өркениетін, салт-дәстүрін үйлестіретін бірегей құрал. Бір ұлтты екінші ұлттан өзгешелейтін де – тіл. Әр ел өз тілін сақтап, дамытуға әрекет жасайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл – қазақ тілі және ол мемлекеттің қамқорлығында болады. Еліміздің барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін үйренулері үшін мемлекеттік органдар қолайлы жағдайлар жасауға міндетті [1].

Мемлекеттік тіл – қоғамдық өмірдің барлық жағдайларында пайдаланатын, соның ішінде мемлекеттік басқару саласында, құқықтық нормативтік актілерді әзірлеу және қабылдау, сот жұмысын жүргізу, ресми құжаттарды дайындау тілі болып табылады. Мемлекеттік тіл ел бірлігінің негізі факторы ретінде айқындалып, оны меңгеру әрбір азаматқа міндеттелген [2].

Конституция аясында қазақ тіліне – мемлекеттік тіл мәртебесі берілуі, қазақ тілі Қазақстанның егемен мемлекет екендігін айқындайтын аспектілердің бірі болып табылады және Қазақстан азаматтарының тұтастығын білдіретін, Республиканың конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады [3].

Жалпы тарихқа оралатын болсақ, қазақ тілі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік тілі болып 1989 жылғы 22 қыркүйекте қабылданған[4]. Сол сәттен бастап Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілді дамыту және оның қолдану аясын кеңейтуге бағытталған шараларды қабылдап, тіл саясатын жүргізе бастады.

Тіл саясаты- мемлекеттің немесе осыған құқығы бар кез-келген басқа да әлеуметтік органның бір немесе бірнеше тілді белгілі бір аумақта пайдалануға бағытталған қандайда бір шешімі[5]. Тіл саясаты мемлекеттегі тілдердің қолданылуы мен дамуына әсер ететін әлеуметтік факторлардың бірі. Тіл саясаты, ең алдымен, белгілі бір коммуникативті мақсаттар үшін тілді, тілдің өмір сүру формасын, тілдік бірлікті таңдаумен айналысады [6].

Жалпы алғанда, тіл саясаты мемлекеттің немесе тіл саясатын жүзеге асыруға құқылы басқа да органның тілге саналы түрде әсер етуіге бағытталған шаралар жиынтығы. Мұндай әсердің мақсаты тілдің мәртебесін немесе жалпы тілдік жағдайды сақтау немесе өзгерту болып табылады. Тіл саясатын жүзеге асыру бірнеше кезеңнен тұрады: мақсаттары мен міндеттерін анықтаудан бастап тіл саясатын жүзеге асырудағы шешімдері қабылдауға дейін [7].

Тіл саясатын жүзеге асыру механизмдері мен жолдары көп, соның ішінде ең нәтижелі құралдар тұрғысынан әкімшілікті, басқару жүйесін, білім беру саласын, діни ұйымдар мен бұқаралық ақпарат көздерін атап өтуге лайық [8].

Тәуелсіз Қазақстанда мемлекеттік тіл саясаты келесі нормативтік құқықтық актілер аясында жүзеге асырылуда:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (7-бап, 93-бап) [1]. Онда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп белгіленген. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды деп жазылған;

- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі 151 Заңы (4-бап, 8-бап, 9-бап, 23- бап, 24-бап) [2]. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді [9].

- «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан [10].

- «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы [11].

- Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылғы 12 сәуірдегі мақаласы [12].

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы №27-ө өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» [13].

Атап өтілген ресми құжаттар мен құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, мемлекеттік органдар мен ұйымдарының жұмысы және іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілуде.

Кеңес Одағы кезінде орыс тілі өміріміздің барлық саласында, соның ішінде мемлекеттік қызметте басым болғаны әлі күнге дейін өзінің кері әсерін тигізуде. Тәуелсіздік алған күннен бастап мемлекеттік қызметте орыс тілі мемлекеттік тілімен қатар қолданылып келеді. Қостілділік салдарынан мемлекеттік тіл мемлекеттік органдарында өзінің мәртебесіне сай толыққанды қолданылмай келеді.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) аясында қазақ тілін меңгерген мемлекеттік қызметкерлердің үлесін анықтау «Қазтест» бағалау жүйесі арқылы жүзеге асырылып келеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ақпаратына сәйкес «Қазтест» жүйесі арқылы 2017 жылы 25055 мемлекеттік қызметші, 2018 жылы 24657 мемлекеттік қызметші, 2019 жылы 15835 мемлекеттік қызметші мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау бойынша тест тапсырған.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017 – 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында «Қазтест» бағалау жүйесі аясында белгілі болатын мемлекеттік тілді (B1, C1 деңгейінде) білетін мемлекеттік қызметкерлердің үлесі 2017 жылы B1 деңгейі бойынша– 28%, C1 деңгейі бойынша– 8%; 2018 жылы B1 деңгейі бойынша– 30%, C1 деңгейі

бойынша– 9%; ал 2019 жылы В1 деңгейінде – 35%, С1 деңгейінде – 10% жетеді деп жоспарланған.

«Қазтест» бағалау жүйесі арқылы өткізілген тестілеу нәтижесіне сәйкес мемлекеттік тілді меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі 2017 жылы В1 деңгейі бойынша– 42,2%, С1 деңгейі бойынша– 1,4%; ал 2018 жылы В1 деңгейі бойынша– 32,7%, С1 деңгейі бойынша– 3,6%, 2019 жылы В1 деңгейі бойынша –33%, С1 деңгейі бойынша –3,2% көрсетті [14].

«Қазтест» нәтижесі мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі 2019 жылы мәнді көрсеткішке жетпегенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар мемлекеттік тілді С1 деңгейінде қазақ тілін білетін мемлекеттік қызметкерлердің үлесі бойынша индикатор соңғы үш жылда мүлде орындалмағаны анықталып отыр. Мемлекеттік органдарда қазақ тілін жетік білетін қызметкерлердің үлесі төмен болып отыр. Сонымен бірге мемлекеттік органдар тарапынан қызметкерлерге тиісті талаптар мен жауапкершілік жүктелмеу себепті тестілеу процесіне қатыстырылған қызметкерлердің саны жылдан жылға азайып отырғаны байқалады.

Сонымен бірге 2017 жылдан бастап ҚР СТ 1925-2015, ҚР СТ 1926-2015, ҚР СТ 1927-2015, ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1929-2015 Ұлттық стандарттары қабылданып, мемлекеттік тілді В1, С1 деңгейлерінде білуі қажет деген кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі анықталған. Соған қарамастан мемлекеттік тілді В1, С1 деңгейлерінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі, мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесі тек ішінара орындалып отыр. Бекітілген Стандартқа сәйкес мемлекеттік тілді С1 деңгейінде меңгерулері керек қызметшілер санына саяси қызметшілер мен басшылық лауазымдағы қызметшілер жатқызылған. Дегенмен әлі күнге дейін аталған қызметшілердің тест жұмысына қатыспай отырғаны себепті тілді меңгеру көрсеткіші ішінара орындалуда. Осыған орай, «ҚАЗТЕСТ» жүйесі арқылы анықталатын қазақ тілін С1(жоғары) деңгейінде білетін мемлекеттік қызметшілердің үлесін көбейту бойынша жоспары орындалмай отыр[14].

Аталған мемлекеттік бағдарлама аясында республика бойынша 100-ге жуық мемлекеттік тілді оқытатын орталықтар ашылып, онда азаматтарға, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлерлерге тегін тіл үйрету курстары ұйымдастырылғанына қарамастан оған қатысушылар саны мардымсыз болып қалуда.

Бағдарламаның орындалу жөніндегі 2019 жылғы есеп бойынша мемлекеттік органдарда қазақ тілінде әзірленетін ресми құжаттар үлес орта есеппен 94%-ті көрсетіп отыр. Демек, іс-қазадар толықтай мемлекеттік тілде жүргізілмейтіні және ҚР «Тіл туралы» Заңда көрсетілген талаптар орындалмай отырғанын көруге болады.

Осы ретте Бағдарламада қойылған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін алдымен талаптарды күшейту қажет екенін анық болып отыр. Мемлекеттік қызметкерлердің басым бөлігінің қазақша жазу, сөйлеу деңгейлері өте төмен екенін көрсетеді. Нәтижесінде мемлекеттік тіл өз функциясын толық атқара

алмай, аударма тіл ретінде ғана қолданылуда. Бұл өз кезегінде, тіл саясаты жеткілікті дәрежеде жүзеге асырылуға тиісті механизмдер мен өзгерістер қажет екенін білдіреді.

Еліміздегі мемлекеттік органдарында қазақ тілінің қолданылу аясын арттыру және ол үшін тиісті құқықтық ұйымдастырушылық шараларын қабылдау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

**Зерттелу деңгейі.** Мемлекеттік тілді тиісті дәрежеге көтеріп, оның қолданыс аясын кеңейту мәселесі Қазақстан Республикасының Кеңес Одағынан бөлініп, тәуелсіз мемлекет болып, өзінің ішкі және сыртқы саясатын анықтаған сәттен бастап қарастылып келеді. Тіл саясаты шеңберінде күрделі шаралар қабылданып, мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, тіл тақырыбы төңірегінде ауқымды шаралар ұйымдастырылып, жан-жақты талқыланып, пікірлер айтылды. Дегенмен де, мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілдің қолданыс аясын дамыту мақсатында жүзеге асырылып отырған тіл саясатының тиімді жолдарына терең әрі кең талдау жасаған зерттеулер жоқтың қасы.

Осы зерттеу барысында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мақсаты мен міндеттерін, күрделілігі мен жүзеге асыру мерзімдерін анықтауға ықпал ететін республикалық деңгейде қабылданған құқықтық нормативтік актілер-Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңы (11 шілде, 1997 ж.), мемлекеттік бағдарламалар: ҚР Президентінің 1998 жылғы Жарлығымен қабылданған «Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған алғашқы мемлекеттік бағдарламасы», ҚР Президентінің 2001 жылғы 1 ақпандағы №550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы туралы есеп қарастырылды. Сонымен бірге елімізде тіл саясатының қазіргі ахуалын терең зерттей отырып, тиісті ұсыныстар берген Фазылжанова Анар Мұратқызының «Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырушы органдарға арналған әліпби ауыстырумен байланысты тілтанымдық реформаны жүзеге асырудағы тілдік жағдаят және қауіптерді <ағыл. risk> басқару» туралы талдамалық анықтамасы, сол сияқты «Сана» сараптамалық орталығының «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеу» бағдарламасында ұсынылған ақпараттар сарапталды. Бұдан басқа тіл саясатының стратегиялары, моделі және жүзеге асыру тактикалары мен әдістерін толық сипаттап берген Павел Дятленконың «Языковая политика и языковые реформы в государственном и национальном строительстве» атты аналитикалық жұмысы, сол сияқты тіл саясатының өзектілігі мен жүзеге асыру мәселелерін кең зерттеген Руссо Л.-Ж., Швейцер



А.Д., Никольский Л.Б., Мартынюк А. Я. Тағыда басқа ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Сондай-ақ тіл саясатындағы халықаралық тәжірибе тұрғысынан Целищев Н. Н. «Языковая политика зарубежных стран», Клоков В.Т. «Современный взгляд на языковую политику Франции», Жангазы Р.Д. «Языковая политика во Франции», Лю Цзюань «О языковой политике в Латвии», Кузьмина Т.А. «Языковая политика новых независимых государств Центральноазиатского региона» сол сияқты басқада ғалымдардың еңбектері жан-жақты қарастырылды.

**Зерттеудің объектісі** – еліміздегі тіл мәселесі төңірегіндегі саясат

**Зерттеудің пәні** – Қазақстан Республикасы аймағындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдарда тіл саясатын іске асыруға ықпал ететін саяси-құқықтық қатынастар.

**Зерттеудің мақсаты** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында тіл саясатын 2020-2025 жылдары жүзеге асырудың тиімді жолдарын ұсыну.

**Зерттеудің міндеттері:**

- Тіл саясатын іске асырудағы теориялық негіздерді және әлемдік тәжірибеге шолу жасау;

- Қазақстан Республикасыны мемлекеттік органдарында тіл саясатының іске асырылуы барысын зерделеу;

- Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тіл саясатының тиімділігін анықтау мақсатында мемлекеттік қызметкерлер арасында сауалнама жүргізу және нәтижелеріне талдау жасау;

- Қазақстан Республикасыны мемлекеттік органдарында тіл саясатының тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар беру.

**Зерттеу әдістері.** Салыстырмалы және статистикалық әдістер, сараптамалық зерттеулер, сауалнама жүргізу.

**Зерттеу жұмысының гипотезасы:** Мемлекеттік органдарда тіл саясатын 2020-2025 жылдары жүзеге асырудың тиімді жолдары қолданыстағы Заңнамаға өзгерістер енгізу, яғни талапты күшейтуге қатысты болады.

**Ғылыми жаңалығы:** халықаралық тәжірибиелерді сараптай отырып, тіл саясатын 2020-2025 жылдары жүзеге асырудың тиімді жолдарын ұсыну.

**Теориялық мәні:** Зерттеу барысында жасалған талдаулар, нәтижелер мен ұсыныстар мемлекеттік органдарда тіл саясатын жүзеге асыру бойынша әзірленетін ғылыми жұмыстар мен әзірлемелерде, конференциялар мен лекцияларда әдістемелік құрал ретінде пайдаланылатын болады.

**Практикалық мәні.** Зерттеудің аясында ұсынылған жобалар тіл саясатының тиімділігін жоғарылату мақсатында бағдарламалар, тұжырымдамалар және басқа да ресми құжаттар әзірлеу кезінде өз ықпалын тигізетін болады.

**Жоба бойынша жарияланым.** «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының проблемалары мен перспективалары» Мадан Г. Ж, Сайдуалиева З. С. «Kazakhstan Innovations» ғылыми журналы, ақпан 2021 ж №2, 34 б.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация жұмысы кіріспе, үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Жұмыстың соңында пайдаланылған әдібиеттер тізімі көрсетіледі.

## Зерттеу талдауы және нәтижелері

### 1 Мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың теориялық негіздері

Тіл саясаты - қоғамдағы, мемлекеттегі тіл мәселелерін шешуге арналған идеологиялық принциптер мен практикалық шаралардың жиынтығы. Тіл саясаты саласында идеологиялық қағидаттар мен практикалық іс-шаралар өзара тәуелді және ажырамас [15]. Демек, тіл саясаты - қоғамдағы белгілі бір жағдайға тілдік мәселелерді шешуге бағытталған идеология және тиісті әрекеттер [16].

Құқық, саясат, экономика, демография, тарих және мәдениет сияқты әр түрлі әлеуметтік пәндердің талдау ресурстарын тарта отырып тіл саясаты жүйелі түрде қарастыруды талап етеді. Алуан түрлі уақытта алуан түрлі елдердің, ұлттардың алдында тұрған тарихи таңдау міндетін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Тіл саясаты әр түрлі институттар, әдістер мен құралдар көмегімен іске асырылуы мүмкін және сол сияқты ең тиімді құралдарға әкімшілік басқару, білім беру саласын, діни ұйымдар мен бұқаралық ақпарат көздерін жатқызуға болады[8].

Белгілі бір тілдің мәртебесін сақтап қалуға немесе өзгертуге бағытталған тіл саясаты бір мезгілде сол мемлекетте немесе халықаралық аренада қолданылатын басқа тілдерге де әсер етеді, себебі бір тілдің мәртебесінің өзгеруі бір мезгілде басқада тілдердің мәртебесінің өзгеруіне әкеледі. Сондықтан мәртебелік тіл саясаты әрдайым кешенді болып келеді, яғни ол белгілі бір тілдерге де, тілдер топтарына да, тұтастай тілдік жағдайға да, тілдік қауымдастық мүшелерінің коммуникативті мінез-құлқына да әсер ететін болады. Сонымен қатар, тіл саясаты көпұлтты мемлекеттердегі ұлттық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады[18].

Мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатының тиімділігі мен нәтижелілігі тіл саясаты субъектілері мен объектілерінің тілдік мінез-құлқын реттеуіне байланысты. Әдетте мемлекет өзі, басқа да ресми мемлекеттік органдар тіл саясатының субъектісі болып табылады, ал тіл иелері, тіл топтарының өкілдері тіл саясатының объектісі ретінде әрекет етеді.

Жалпы қолданыста бар тіл саясатының стратегиясы прагматикалық, протекционистік-прагматикалық, протекционистік және ұлттық деп бөлінеді. Прагматикалық стратегия әуелі экономикалық тұрғыдан орынды болуды әрі нәтижелілікті көздейді. Ал протекционистік-прагматикалық стратегиясы әртүрлі преференциялар мен жеңілдіктер, ынталандырулар арқылы экономикалық нәтижеге және бір тілдің қолданыс аясын дамытуға бағытталған іс-шараларды қамтиды. Протекционистік стратегия өз кезегінде белгілі бір тілді немесе тілдерді сақтауға бағытталған, әдетте бұл басқа бір тілдің басым болуы себепті жоғалып кету қауіпі бар азұлттар немесе шағын этностар тілі. Ұлттық стратегия «бір ел, бір мемлекет, бір тіл» деген ұстаныммен сипатталатын ұлттық біртілділігіне қол жеткізуді мақсат етеді[8].

Тіл саясатының стратегиялары көп жағдайда ұзақ мерзімді, мақсатты және институционализацияланған болады, оларды әдетте мемлекет әзірлейді және

жүзеге асырады. Сондай-ақ мемлекет бұл стратегияларды қалыптасқан тілдік жағдайды, процестер мен тенденцияларды ескере отырып таңдайды [17].

Сонымен бірге тіл саясатының стратегиясын қарастыруға саяси және экономикалық-әлеуметтік факторлар, елдегі халықтың ұлттық құрамы, этнос өкілдерінің саны, діни қауымдастықтар қызметі өз әсерлерін тигізу мүмкін.

Бүгінгі таңда тіл саясатын саласында қолданылатын терминдер саны аз емес, деседі жиі қолданылатын терминдер қатары мынадай: әлемдік тіл, мемлекеттік тіл, ресми тіл, ұлттық тіл, ұлтаралық қатынас тілі, титулдық тіл және т.б.[19]. Мемлекеттік тіл деген көпұлтты мемлекетте қоғамдық қарым-қатынаста, мемлекеттік басқару саласында, білім беру, мәдениет, баспасөз бен байланыс орындарында, құқық қорғау, сот істерін жүргізуде, әскери қызметтерінде қолдануға міндеттелген, саяси-құқықтық әсері бар тіл. Кез-келген мемлекет белгілі бір мерзімге жоспарланған кешенді шаралар немесе бағдарламалар қабылдау арқылы мемлекеттік тілді дамыту және қолданыс аясын кеңейтуге ықпал етеді, сондай-ақ мемлекеттік тіл әрқашан мемлекеттің қорғауында және қамқорлығында болады[2].

Халықаралық тәжірибелер көрсеткендей мемлекеттік тілді дамытудың басты факторы ретінде тиісті заң жобаларын қабылдай отырып, тілге деген қажеттілікті тудыру болып табылады. Сонымен қатар азаматтарға мемлекеттік тілді білу заң аясында міндеттеліп, оны орындамаған үшін тиісті жауапкершіліктер бекітілген. Осындай азаматтардан мемлекеттік тілді білуді талап ететін заңдар дамыған мемлекеттің бәрінде қабылданған [20].

Мемлекет арнайы құқықтық-нормативтік актілерін қабылдай отырып мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді білу талаптарын күшейту қажет. Бұған қоса мемлекеттік қызметкерлердің тілдік құзыреттілікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдау және жүзеге асыру қоғамдағы тілдің функционалдық мәртебесін жоғарылатумен қатар мемлекет тарапынан іске асырылатын іс шаралар кешені ретінде тілдік құрылыстың негізгі бөлігі болып саналады. Осы орайда мемлекеттік қызметкерлер өздерінің қызметтерінің қоғамдық сипатына орай сондай-ақ, билік жүргізу құзыретінің болуы себепті олар бір мезетте тіл саясатын жүзеге асыратын тұлға әрі тілдік құрылысты жалғастырушы механизм рөлін атқарады.

Мемлекеттік қызметкердің тілді білу деңгейіне талап қою қоғамдағы келесідей қажеттілікке негізделеді:

- Кез келген мемлекеттік тіл сол елдің тәуелсіздігінің нышаны әрі мемлекет ішінде саясат, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда интеграция қызметін атқарады, ал көпұлтты мемлекетте бұл мәртебе интеграциялық тұрғыдан өте маңызды болып келеді. Осы ретте тіл бірлігі мәселесі өзекті болып табылады.

- мемлекеттік қызметкерлердің тілді қажетті деңгейде меңгермеулері тілдің мәртебесіне кері әсерін тигізбей қоймайды. Мемлекеттік орган өкілінің тілдік мәдениетінің төмендігі мен әрбір қателігі мемлекеттік тілге деген құрмет жоқ екенін көрсетеді. Сол себепті мемлекеттік тілді білу талаптары тілдің негізгі нормаларын білу деңгейін бағалауды қарастыру қажет. Мемлекеттік

қызметкерлердің тілді білу деңгейіне қойылатын талаптар коммуникативтік қызметті қамтамасыз етуге бағытталуы қажет[21].

## **2 Мемлекеттік тіл саясаты: халықаралық тәжірибе және қазақстандық тәжірибе**

Тіл саясатын сындарлы жүргізу – әлемнің көптеген елдерінде және бүгінгі ТМД мен Балтық теңізі жағалауындағы елдердің бірқатарында нәзік әрі өзекті болып отырған мәселе. Жаһандану процесінің белең алып, ұлттар жұтылып кетіп жатқан қазіргі жағдайда қазақтарға өз тілін сақтап қалу үшін барын салуы қажет. Тілге қатысты мәселеге алпауыт мемлекеттердің өзі бей-жай қарамай, рухани дүлей апаттардың алдын алу жұмыстарын біраз уақыт бұрын жолға қойды.

Жалпы ғалымдар пайымдауынша әлемдегі барлық тілдерді 19 тілдік топқа біріктіруге болады. Ең кең таралған тілдердің қатарына – Қытай, Үнді, ағылшын, испан, орыс және тағы басқа тілдер жатады. Сәйкесінше, саны 100 мыңнан төмен болатын көптеген тілдердің жойылып кету қаупі бар. Әлемдік тілдерінің ішінде 6-ы Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми жұмысының тілдері болып табылады: ағылшын, орыс, француз, испан, қытай және араб [22].

Әлемнің көптеген елдерінде тіл саясаты екі немесе бірнеше тілді меңгеру қажеттілігіне негізделген. Бірі – мемлекеттік тіл болса, екіншісі – халықаралық қатынас тілі, ресми тіл немесе ұлтаралық тіл тәрізді мәртебеге ие тіл. Жер шарының 80-ге жуық мемлекеттері дәл осы үлгіде тілдік саясатты ұстануда. Әлем халқының едәуір бөлігі (шамамен 70%) белгілі бір дәрежеде билингваларға немесе полилингваларға жатады. Еуропа тұрғындарының 56% - ы екі тілде, 28% - ы үш тілде сөйлейді. Бұл ретте Еуропада оқудың басым екінші тілі ағылшын тілі болып табылады.

Қостілділік тіл саясаты Еуропа мемлекеттерінің ішінде Италия мен Финляндияда орын алған.

Финляндияда Конституцияға сәйкес екі мемлекеттік тіл бар – фин және швед. Шведтер халықтың 7% құрайды, финдер 90% – дан асады. Мұндай саясат Шведтермен стратегиялық серіктестікті нығайта түседі деп түсінідіріледі.

Италияға келетін болсақ, халықтың 94%-ы итальяндықтар, мұндай стратегия тіл саясаты бірқатар облыстарда жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, франкофондар тұратын Вале д'Аоста аймағында француз тілі итальяндық тілмен тепе-теңдікке ие, барлық мемлекеттік және облыстық биліктің актілері итальян немесе француз тілін әзірленеді. Неміс тілді азаматтар тұратын Трентино-Альто Адидже аймағында екі тілділік экономикалық және саяси аспектілерде кеңінен пайдаланылады. Неміс тілі итальян тілімен тең және де облыстық актілер екі тілде де жарияланады [8].

Сол сияқты Швейцарияда ретороманнан басқа, француз, неміс және итальян тілдері ресми түрде мойындалған, олар Еуропаның негізгі тілдерінің бірі болып табылады. Тиісінше, Швейцариядағы ретороман тілінің әлеуметтік мәртебесі осы тілдердің әлеуметтік мәртебесінен төмен. Бельгия 3 тілді (неміс, француз, нидерланд тілдері) мемлекеттік тіл деп таныған, ал Үндістан тәрізді құрама ұлыстар мемлекетінде ағылшын мен хинди тілінен өзге 21 тіл

мемлекеттік дәрежеде таныған. Көптілді саясат мемлекеттің сындарлы саясатының, басқа ұлт өкілдеріне деген кеңпейілділік пен құрметтің белгісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда бір мемлекет үшін көптілділік бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын фактор болуы да мүмкін.

Дегемінде көптілді қолдамай, негізгі тіл ретінде мемлекеттік тілді дамытуды, қолдауды құптап отырған мемлекеттер де жоқ емес. Олай жасаудың басты себебі мемлекеттік бірегейлікте болуы керек. Бір тілде сөйлеген елдің ойы да бір болады, мақсаты да бір, болашағы да бір болмақ.

Мәселен, Еуропа мемлекеттерінің ішінде Франция мен Германия, Чехия, Латвия бір тілді саясатты ұстанады. Бұл мемлекеттер өзінің диктатор тілдік заңдарымен қорғанып отыр.

Соның ішінде Францияның тіл саясаты, бүгінде Еуропадағы ең тиімді деп санауға лайықты. Жүргізіліп отырған тіл саясаты ана тілін сақтауға және белсенді таратуға мүмкіндік береді. Еуропалық мультилингвизм дағдарысына қарамастан, Франция осы бағыттағы саясатын үйлестіруге тырысады. Ұлыбританияның ЕО құрамынан шығуы Франция үшін әлемдегі француз тілінің позициясын нығайту жөніндегі саясатын жандандыруға жаңа серпін береді.

Монархиялық Францияда тілсаясаты тек бір ресми (француз) тілін жариялауға және қолданыста болған латын, диалектілер мен аймақтық тілдерге қарсы бағытталған. Франциядағы тілдік унитаризм саясаты тек мемлекет ішіндегі ғана емес, одан тыс жерлерде де сол ұстанымда болуға бағытталған[23]. 1994 жылы қабылданған «Француз тілін пайдалану туралы» Заңға сәйкес ақпарат, келісімдер мен іскерлік құжаттар, білім беру саласында, әртүрлі шаралардың тілі ретінде бекітілген. Француз тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында оны дамыту бойынша арнайы институттар желісі жасақталған. Сол себепті Француз тілі мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие, ал осы тіл саласындағы қабылданған заңнамалық актілер өзге мемлекеттер үшін үздік үлгі ретінде қарастырылады[24].

Латвия жарты ғасырдай уақыт Кеңес Республикасының қарамағында болды. Тіл саясаты тұрғысынан Қазақстан Республикасына ұқсастығы бар.

Латвия Конституциясына сәйкес латыш тілі -бұл мемлекеттік тіл және оның тәуелсіздігінің нышаны болып келеді.

1990 жылдан бастап Латвия үкіметтері көпұлтты мемлекетті моноұлттық мемлекетке айналдыруға бағытталған саясат жүргізе бастады. Латыш тілі елдің интеграциясының негізгі шарты мен құралы және интеграцияның тиімділігін бағалау критерийі ретінде қарастырыла бастады. Латвия үкіметтері орыс тілінің қолданылу аясын тарылту арқылы латыш тілін қолдануды кеңейтті, осыған байланысты екі тілдің кеңістігіне ықпал ететін құқықтық нормалар түбегейлі өзгерді.

Жоғары оқу орындарында орыс тілінде оқуға тыйым салу туралы 1991 жылғы «Білім туралы» Заңнан бастап және 2018 жылғы «Білім туралы» Заң аясында бастауыш мектептен бастап университетке дейінгі оқытудың барлық

саласында латыш тіліне басымдылық беріліп, орыс тілі білім беру саласынан толығымен алынған.

«Мемлекеттік тіл туралы» 1999 жылғы Заңға сәйкес Латыш тілі мемлекеттік басқару, білім беру және мәдениет, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары саласында міндетті түрде қолдануды талап етеді. Бүгінде Латыш азаматтығын алу үшін Латыш тілін білу қажетті шарт. Ал орыс тілін тіпті жеке қарым-қатынас саласында да қолдану шектелген[25].

Қазіргі Эстониядағы тіл саясатының негізі ретінде 1995 жылы қабылданған Тіл туралы Заң болды, ол 1970 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың басындағы орыстандыру толқынға қарсы тұруы өз септігін тигізді деп түсіндіріледі.

Эстония мемлекетінде Білім және ғылым министрлігінің жанында Тіл инспекциясы деп аталатын арнайы қызмет құрылған және оның негізгі міндеттерінің бірі тіл туралы заңның орындалуын қадағалау, басқада құқықтық актілердің жүзеге асуын бақылау болып табылады. Ведомствоға мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, жеке құрылымдар мен тұлғалардың кең ауқымына әкімшілік ықпал ету бойынша елеулі құқықтар берілді[26].

Эстония мемлекетінің тіл саясатын қарастыратын болсақ, Конституцияның 6-бабына сәйкес Эстония тілі мемлекеттік тіл болып бекітілген. Сонымен бірге, Эстония мемлекетінің «Тіл туралы» заңына сәйкес мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік мекеме және жергілікті өзін-өзі басқару мекемесінің қызметкері, сондай-ақ қоғамдық-құқықтық заңды тұлғаның және оның мекемесінің қызметкері, қоғамдық-құқықтық заңды тұлғаның мүшесі, нотариус, сот орындаушысы, сот аудармашысы және олардың бюросының қызметкерлері қызметтік міндеттерді немесе жұмыс тапсырмаларын орындауға қажетті деңгейде эстон тілін білуге міндетті деп жазылған[27].

Кеңес Одағы ыдыраған соң оның құрманыда болған мемлекеттер өздерінің тәуелсіз мемлекет саясаттарының бірі ретінде мемлекеттік тілді дамытуды жүзеге асыра бастады. Қазақстан Республикасы үшін тіл саясаты бүгінге дейін өзекті әрі осы елдердің тәжірибесіне көз жүгіртудің маңызы бар.

Қырғыз Республикасы Конституциясына егеменді, демократиялық, құқықтық, зайырлы, унитарлық, әлеуметтік мемлекет болып табылады. Конституцияның жеке бабы толығымен тіл саясатына арналған (10-бап), қырғыз тілінің мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілінің ресми тіл ретінде мәртебесін айқындайды.

Тілдік құқық саласына келетін болсақ, мемлекет Конституция бойынша КР (45-б. 3-т.) әрбір азаматтың мемлекеттік тілді, ресми және бір халықаралық тілдерді оқыту үшін жағдай жасайды.

1998 жылы «Мемлекеттік тілді одан әрі дамыту туралы» Қырғыз Республикасының Президентінің Жарлығы шығарылды.

Мемлекеттік тілді дамыту Тұжырымдамасы қабылданды және Қырғыз Республикасы Президентінің жанында мемлекеттік тіл жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды. Іс қағаздарын жүргізуді кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіру мақсаты қойылды. 2001 ж. қырғыз тілінің ахуалын кеңінен қоғамдық

талқылау нәтижесінде «2000-2010 жылдарға арналған Қырғыз Республикасының мемлекеттік тілін дамыту жөніндегі бағдарламасы» бекітілді.

Сондай-ақ, мемлекеттің тіл саясаты арнайы заңдарда іске асырылып, тікелей мемлекеттік тілдің мәртебесі және де саны жағынан аз ұлттар тілдерінің мәртебесі мен қолданылуы көрсетілген. 2004 жылы «Қырғыз Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы» Заң қабылданды, онда мемлекеттік билік органдарының жұмысы, жергілікті өзін-өзі басқарудың, басқа да ұйымдардың жұмысы мемлекеттік тілде, ал қажет болған жағдайда ресми тілде жүзеге асырылатыны айтылған.

2009 жылы «Қырғыз Республикасының мемлекеттік тіл туралы» Заңына, омбудсмен мен Бас прокурордың мемлекеттік тілді меңгеру міндетін белгілейтін; Шетелдегі Қырғызстанның дипломатиялық өкілдіктері мен басқа да мекемелерінде, сондай-ақ ҚР ҰҚК, СІМ және ІІМ-де қызметтерін міндетті түрде мемлекеттік тілде жүзеге асыру, балалардың мемлекеттік тілді меңгеруі бойынша ата-аналарға міндет жүктеу; саны жағынан аз ұлттардың ана тілін сақтау, оны үйрену бойынша құқығын регламенттейтін нормалар енгізілген. Қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы тіл мәселесінің бір жолға қойылуы қамтамасыз етілген.

Тәжікстан Республикасының тіл саясатына келер болсақ, Конституцияда мемлекеттік тіл тәжік тілі деп бекітілген, ал орыс тілі ұлтаралық тіл ретінде белгіленген.

2002 жылы қабылданған ТР «Тіл туралы» заңында тәжік тілін республиканың барлық аймағында қолданудың құқықтық нормалары бекітілген. Ал 2009 жылы қабылданған тіл туралы жаңа заң оның мазмұны мен маңыздылығын өзгертті және «Тәжікстан Республикасының мемлекеттік тіл туралы» заңы деп аталды. Ол заңда тәжік тілін білу әрбір азаматқа міндеттелген және мемлекеттік тіл мемлекеттің қорғауында болатыны туралы, сондай-ақ ол саяси, әлеуметтік, экономикалық, ғылым және мәдениет саласында қолданылады деп келтірілген. Сонымен бірге «Мемлекеттік тіл туралы» заңнан орыс тілі ұлтаралық тіл деген түсінік алынып тасталған. Сол арқылы тек мемлекеттік тілге барлық салада терең назар аудартылған.

Түрікменстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және зайырлы мемлекет деп жариялайды. 1992 жылы қабылданған Түрікменстан Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл-түркімен тілі болып табылады. 1990 жылы қабылданып, 2006 жылы өзгертулер енгізілген «Тіл туралы» заңда түркімен тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, ал орыс тілі ұлтаралық тіл ретінде белгіленген. Заң түркімен тілін мемлекеттік тіл ретінде, ал орыс тілін ұлтаралық тіл ретінде қолдану, дамытуға құқықтық кепіл бергенімен соңғы жылдары орыс тілінің қолданылу аясы төмендеп бара жатқаны байқалған. Оның бір себебі ретінде кирилица түркімен ұлттық әліпбиіне көшуімен түсіндіріледі.

1993 жылы қабылданған «Білім туралы» Заңға сәйкес меншік нысанына қарамастан барлық үлгідегі білім беру мекемелерінде оқыту мен тәрбиелеудің негізгі тілі түрікмен тілі болып табылады. Барлық білім беру мекемелері мемлекеттік тілді оқытуды қамтамасыз етуі керек (орыс тілін ресми және



ұлттаралық қарым-қатынас құралы ретінде үйрену туралы заңда ештеңе айтылмаған). Сонымен бірге, Мемлекет Түркіменстан азаматтарына ана тілін үйренуге көмектесуі керек. Жаңа заң елде жеке білім беру мекемелерін, сондай-ақ негізгі оқыту тілі тиісті шет тілі (тілдері) болып табылатын шет мемлекеттердің білім беру мекемелерін құруға мүмкіндік береді. 2001 жылға қарай орыс тіліндегі жоғары білім толығымен жойылды, барлық университеттерде оқу түрікмен тіліне аударылды, ал орыс тіліндегі кафедралардың көпшілігі жабылды. 2002 жылы барлық орыс-түрікмен мектептері қайта құрылды – оларда оқыту түрікмен тілінде жүргізіле бастады, ал орыс тілді мектептер саны әр мектепте біреуге дейін қысқартылған.

Өзбекстан Республикасының Конституциясында мемлекеттіліктің демократиялық принциптері жарияланған, барлық азаматтар бірдей құқықтары мен бостандықтары нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне қарамастан заң алдында тең. Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі-өзбек тілі. Өзбекстан Республикасы оның аумағында тұратындарға, ұлттар мен ұлыстардың тілдеріне, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауды қамтамасыз етеді, олардың дамуы үшін жағдай жасайды делінген.«Мемлекеттік тіл туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік тілді үйрену және білу әрбір азаматқа міндетті және мемлекеттік тілге оқыту тегін жүргізіледі. Сонымен қатар, өзбек тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілген әрі оны меңгеру басқа тілдерді кемсітпейді деп айтылған. Сонымен бірге заңнамалық актілер, мемлекеттік билік және басқару органдарының басқада құжаттары мемлекеттік тілде қабылданып және жарияланатынын талап ететін нормалар өте маңызды.Іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал өзбек тілін білмейтін ұжымда мемлекеттік тілмен қатар басқа да тілде жасалады. Ұлттаралық қарым-қатынас тілін азаматтар өз қалауы бойынша таңдау құқығы бар. Қазақстан мен Қырғызстан заңнамаларына қарағанда Өзбекстан Республикасының заңнамасында орыс тілі туралы ештеңе айтылмаған. Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру ұйымдарында оқу, тілді қолдану тәртібі «Мемлекеттік білім туралы» Заңымен реттеледі.

Өзбекстанның тіл саясаты негізінен мемлекеттік тілді сақтау мен дамытуға бағытталған, ал орыс тілі заңнамада ерекше атап өтілмеген. Осылайша, мемлекеттік құрылыстың демократиялық принциптерін жариялауға қарамастан, Орталық Азияның барлық посткеңестік республикалары тіл саясаты іс жүзінде бір жақты жүргізіліп, негізінен мемлекеттік тілді қолдау мен дамытуға бағытталған[27].

Жалпы халықаралық тәжірибе көрсеткендей кез келген мемлекетте тілдік ахуалдың өзгеруі заңнамалық актілерді өзгерту арқылы тілге деген сұраныс пен талапты анықтайтын жаңа механизмдерді іске қосатынын аңғартады. Кеңес одағы ыдыраған соң көптеген елдерде тіл саясатының заңнамалық негізін жаңарту үдірісі қатты байқалады. Мәселен, Армения, Әзербайжан, Грузия, Өзбекстан, Тәжікстан, тіпті Ресей Федерациясы да Кеңестік дәуірде шығарылған құқықтық актілеріне қайтадан қарастыруды қолға алған. Ал Балтық жағалауы елдерінде егемендік алған сәттен бастап өздерінің тіл туралы заңдарын бірнеше рет өзгерткен. Осындай өзгертулер 1989 жылғы Кеңестік Одақ құрманда болған

кезде қабылдаған «Тіл туралы» 1997 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, десе де заңы орыс-қазақ қостілділігін қолдап, қазіргі кездегі тілдік жағдаятқа толық жауап бермейді. Барлық демократиялық мемлекеттер мемлекеттік тілді білуге қатысты азаматтарға тиісті талаптар қойған. Мысалы, Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік тіл туралы заңы. 1-бабына сәйкес Әзірбайжан Республикасының әрбір азаматы әзербайжан тілін білуге міндетті делінген.

Сол сияқты Француз тілін меңгеру белгілі бір саланың қызметкерлеріне және егжей тегжейлі жағдайларда міндетті екені қолданыстағы Француз тілінің қолданысы туралы № 94-665 Франция заңында көрсетілген. Ал Ресей Федерациясының мемлекеттік тілін Федералдық заңдарда анықталған салаларда қолдану оның мәртебесімен және заңмен міндеттелген. Қазақстанның тіл туралы заңына сәйкес еліміздің әрбір азаматы мемлекеттік тілді «меңгеру» міндетті деп жазылған, бірақ «білу», «қолдану» парыз деп көрсетілмеген. «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының п а р ы з ы» (Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заң. 4-бап). Мемлекеттік тілді «білу» және «қолдану» азаматтарымыз үшін міндет болған жағдайда ғана тіл саясатындағы либералды қағидаттың орнын инструменталды (нақты шаралары көрсетілген) қағидат басады, яғни мемлекеттік тілге деген қажеттіліктің заңнамалық негізі қаланады[28].

Бүгінгі таңда еліміздегі орын алып отырған «қостілділік» ұғымы отарлық саясаттың әсері әрі бүгінгі күннің көкейкесті мәселелердің бірі. «Үш тұғырлы тіл» саясатын дұрыс түсінбей жүргендер де жоқ емес. Алдымен ақты ақ, қараны қара деп, мәселені жеке-жеке бөліп, мемлекеттік тілге ешқандай зиянын тигізбейтінін насихаттау мәселесі жетіспей отыр. Үш тұғырлы тіл, негізінде, қазақ жеріндегі қазақ тілінің соңында қалған орыс пен ағылшын тілін қоса пайдалану болып табылады. Яғни, орыс тілі мен ағылшын тілі қазақ тілінің көлеңкесінде, ығында жүреді. Үш тілдің ішінде қазақ тіліне басымдық беріліп, қалған екі тіл сол ана тілімізге бағынышты күйде болады. Жалпы осы мәселеге қатысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік тіл үш тілдің бірі болып қалмайды, ол олардың ішінде негізгі, басты, маңызды тіл ретінде қолданылатыны туралы айтқан болатын. Алайда кей жағдайларда орыс тіліне де мемлекеттік тіл мәртебесін беріп қателесіп жатататындар да жоқ емес. Оның басты себебі түсіндіру жұмыстарының мардымсыздығымен байланыстыруға болады.

Жалпы көптілділік мәселесі – тәуелсіз еліміз үшін ғана емес, көп деген дамушы елдерден дамыған елдер қатарына қосылғысы келетін мемлекеттер алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Көптілді елдердің қатарында Орта Азия елдері, оның ішінде Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея, Қытай, Жапония және тағы көптеген елдер бар [29]. Жарты ғасырға жуық уақытта үшінші әлем елдерінен бірінші әлем елдеріне көшкен ел — Сингапур. Сингапурдың саясаты мен мәдениетінде білім және жемқорлықсыз қоғам құрастырылған.

Білім жүйесінің негізі – ағылшын тілі. Және Сингапурдағы білім барлық шетелдіктер үшін қолжетімді. Мектепке дейінгі білім беруде — балабақшаларда

3-6 жас аралығындағы балалар санау, оқу, қарым-қатынас негіздерімен қатар үш тілді — қытай, малай, ағылшын тілдерін меңгереді. Ал бастауыш мектепте шет тілдері міндетті болып табылады.

Қазіргі таңда еліміздегі тіл саясаты Оңтүстік және Шығыс Азия елдерінің тәжірибесіне негізделген. «Үш тұғырлы тіл» саясаты – бәсекелестік құралы. Бұл жерде мәселе сол стратегияны, сол саясатты дұрыс жүргізуде, жарқын болашақта әлемге шығып, нәтижесінің оң болуын қамтамасыз етуде болып отыр.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2019 жылғы қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін», - деп атап көрсеткен болатын.

Қазіргі таңда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйретуде әлгіндей белсенді лексика толығымен айқындалмай жүр деуге болады. Дәл осындай жағдай тіл үйрету әдістемесін жетілдіре алмасы түсінікті. Сондықтан ширек ғасырдай уақыт қазақ тілін үйрету нәтиже бермей келсе, оған тіл саласында жүргендердің де «үлесі» бар деп ойлаймыз. Тіл үйренушінің күнделікті қарапайым қолданысына ең қажетті белсенді лексиканы таңдау сияқты маңызды бастаманы бірлесе атқарудың қамына кіріскен жөн дер едік.

Бұл аса маңызды жұмыстың негізі тікелей болмаса да 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада көрініс тапқан. Оның «Қазақ тілін оқытудың үздіксіз моделі» атты бағытында балабақша-мектеп-орта арнаулы оқу орны-жоғары оқу орны-жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық деп ұласатын тізбесінде тіл үйретудің жалпы мемлекеттік жүйесі қарастырылған. Өкінішке қарай осы мақсат та мемлекеттік тілге қатысты өзге де маңызды шаруалар сияқты орындалмай жатыр. Егер мемлекеттік бағдарламадағы осы бағыт орындалмайтын болса, онда елімізде тіл үйретуді жүйелеу әлі де қисапсыз сан жылдарға созыла бермек. Ол қоғамда қазақ тіліне қатысты жағымсыз үш мәселені қалыптастырады. Біріншіден, мемлекеттік тілді үйрету әдістемесінде жүйелілік сақталынбайды; екіншіден, тіл үйрету нәтиже бермейді; үшіншіден, қоғамдық ортадағы «қазақ тілі - қиын тіл, оқулықтары нашар, әдістемесі әлсіз» деген жаңсақ пікір көбеймесе, азаймайды. [25].

Мемлекеттік бағдарламада қарастырылған тіл үйретудің жоғарыда айтылған тізбесінің әр бөлігі бойынша лексикалық минимумдар қабылдануы тиіс деп ойлаймыз. Қазіргі кезде біз алдымен ең болмаса, қазақ тілін білмейтін азаматтар үшін бастапқы деңгейдің осындай қажетті минимумын дайындауымыз керек. Бұл қазіргі қалыптасқан жағдайда мектептің бастауыш сыныптарында, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының бірінші курсына және ересек адамдарға арналған тілдік курстардың бастапқы деңгейінде үйретілуі керек. Мұндай тәжірибе әлемде баршылық. Айталық, Жапондарда «Дзэё кандзи», «Кейку кандзи» деген сияқты міндетті тілдік, иероглифтік міндетті минимумдары бар. Білуге тиісті тілдік минимумдарды бекіту Ресейде де қолға алынды. РФ Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі «Шетел тілі ретінде орыс тілін меңгерудің деңгейлері және оның талаптары» атты № 255

бұйрығы бұл елге сырттан келіп жұмыс істейтіндердің орыс тілін білуін міндеттейді. Осы бойынша олар 780 сөз білуі тиіс. Қазіргі халықаралық тәжірибеде, оның ішінде, Қазақстанда да танымал болған ағылшын тілін меңгерудің американдық TOEFL және британдық IELTS жүйелері де белгілі бір тілдік минимумды білуді талап етеді. Атап айтқанда, осы екі танымал жүйе ауқымында 650-900 сөзден тұратын мәтінді білу қажет [26]. Елімізде қолданыста жүрген «Қазтест» бағалау жүйесі аясында дәл осындай лексикалық минимум белгілеген абзал болмақ. Әрине ол үшін арнайы құқықтық нормативтік актілер қабылдау керек.

### **3 Мемлекеттік органдарында тіл саясатының іске асырылуының ағымдағы жағдайы және даму перспективалары.**

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл саясаты халық өмірімен тығыз байланысты, қазіргі ахауылға сәйкес құралған.

Қазақстанның тіл саясатын даму эволюциясын соңғы жүз жылдықтағы төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- 1920-1938 – қазақ–орыс қостілділік кезең;
- 1938-1987 – орыс тілінің басым болуы, қолданыс аясының шектен тыс кеңейтілуі мен қазақ тілінің бәсеңдеуі;
- 1987-1995 – әкімшілік шаралар негізінде қазақ тілінің формальді түрде мәртебесінің көтерілу кезеңі;
- 1995 жылдан осы күнге дейін – қостілділіктің саяси жүйеге толыққанды енуі, қазақ тіліне мәртебе берілуі және әлеуметтік өмірдегі орыс тіліне ресми мәртебе берілуі. Қазақ тілінің өркендеуін жүйелі мемлекеттік шараларының іске асырыла бастауы.

Тіл саясаты Қазақстандағы ұлт саясатының маңызды тармақтарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының бүгінгі таңда жүргізіп отырған тіл саясаты ең алдымен елдің әлеуметтік-саяси тұрақтылығына, қоғамдағы ұлтаралық, этносаралық келісімдерді нығайтуға бағытталған.

Тәуелсіз Қазақстанда мемлекеттік тіл саясаты келесі нормативтік құқықтық актілері аясында жүзеге асырылуда:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (7-бап, 93-бап) [1]. Онда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп белгіленген. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды деп жазылған;

- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі 151 Заңы (4-бап, 8-бап, 9-бап, 23- бап, 24-бап) [2].

- «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан [10].

- «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы [11].

- Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылғы 12 сәуірдегі мақаласы [12].

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы №27-ө өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» [13].

Жоғарыда атап өтілген нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, мемлекеттік органдар мен ұйымдарының жұмысы және іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілуде. Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, соның ішінде мемлекеттік қызметте, заң қабылдау, сот ісін жүргізу және құжат айналымын жүргізу тілі ретінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 4-бабымен айқындалған. Сонымен бірге мемлекет бірлігінің негізгі нышаны болып табылатын мемлекеттік тілді білу еліміздің әрбір азаматына міндеттелген болса, мемлекеттік органдар оны жан-жақты дамытуға әрі мәртебесін арттыруға, сондай-ақ еліміздің барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін және тегін үйренуіне қажетті жағдайларды жасауға тиісті деп көрсетілген[2].

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын қабылдау себебі мемлекеттік тілді дамыту және қолданыс аясын кеңейту қажеттілігінен басталады. Жалпы егемен еліміздің тарихында мемлекеттік тіл саясатын кезең-кезеңімен іске асыруға бағытталған бірнеше кешенді бағдарламалар қабылданғанын байқауға болады.

Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған алғашқы мемлекеттік бағдарламасы 1998 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданған. Аталған бағдарламаны дайындаудың басты себебі қоғамда орын алған тіл мәселесін шешуге бағытталған жедел шаралар қабылдауымен байланысты. Тіл саясатын іске асыру бойынша негізгі төрт бағыт айқындалып, соның ішінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, оны қоғам өмірінің барлық салаларында кеңінен қолдануға ықпал ету болды. Тіл төңірегіндегі мәселелерді оңтайлы реттеу еліміздегі ұлтаралық байланысты нығайту, халықтың бірлігін арттыру мен қоғамдық келісімді күшейтудің негізгі факторы болып табылады. Тілдерді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып айқындалған[30].

Бұл бағдарламаның жалғасы ретінде Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен қабылданған. Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметте қолдану аясын одан әрі кеңейту, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда құжаттарды дайындау және қабылдау тілі ретінде пайдалануды қамтамасыз ететін нақты мерзімдер белгіленген шараларды қабылдау көзделген. Сондай-ақ республика бойынша мемлекеттік тілді тегін оқытатын орталықтар ашу арқылы мемлекеттік қызметкерлерді қазақ тілін оқыту курстарымен қамту және мемлекеттік тілді белгілі бір деңгейде білу бойынша нормативтік талаптарын

анықтаумен қатар мемлекеттік тілді жұмыс барысында пайдаланатын мемлекеттік қызметкерлерді материалдық ынталандыру механизмдерін қарастыру сияқты тілдік ахуалды жүйелі түрде дамыту жолдары көзделген[31]. Жалпы белгіленген 10 жыл ішінде мемлекеттік тілді барлық салаларда дамыту бойынша кешенді шаралар жоспарланып, бірқатар жетістіктерге қол жетізілді. Атап айтқанда мемлекеттік тілде әзірленетін құжаттар үлесі 67%-ды құрап, 100-ге жуық мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жұмысы ұйымдастырылған. Дегенмен де, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік тілді білетін қызметкерлер санының төмендігі, осы бағытта тиісті жауапкершілік пен талаптардың болмауы мемлекеттік тілді одан әрі дамыту шараларын жалғастыру қажеттілігін көрсетті[32].

Осы ретте Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен он жылдық мерзімге қабылдаған болатын. Алайда, мерзімі бір жылға қысқартылып «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысымен қайта қабылданды. Бағдарлама Қазақстан Республикасының Конституциясының 7, 93-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі 151 Заңына және де қолданыстағы басқада заңнамалық актілер мен стратегиялық құжаттарға негізделе отырып жасалған, сондай-ақ оны үш кезеңмен жүзеге асыру жоспарланған: бірінші кезең: 2011-2013 жылдар, екінші кезең: 2014-2016 жылдар, үшінші кезең 2017-2019 жылдар.

Бағдарламаны қабылдаудың басты мақсаты еліміздегі ұлт бірлігін нығайтудың негізгі факторы ретінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын қоғамдық қарым-қатынастың барлық саласында, мемлекеттік басқаруда, қарулы күштер саласында, сот ісін жүргізуде одан әрі жетілдіру болып табылады.

Мемлекеттік қызметкерлердің тілді меңгеру деңгейін көтерудің негізгі механизмі ретінде мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының инфрақұрылымын әрі қарай дамыту, олардың тиімділігін арттыру мақсатында оқытудың әдістемесін жетілдіру, мемлекеттік тілді деңгейлік тәсілмен оқыту, азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында «Қазтест» бағалау жүйесін енгізу, қазақ тілінің сөздік қорын кеңейту сияқты шаралар бағдарламаның міндеттері қатарына енгізілген. Бағдарламада төрт негізгі бағыт айқындалған: бірінші бағыт мемлекеттік тілді меңгеру, екінші бағыт – мемлекеттік тілді көпшіліктің қолдануын танымал ету және оның пайдаланылу аясын кеңейту, үшінші бағыт – қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін арттыру, төртінші бағыт – лингвистикалық капиталды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау. Барлық бағыттарда мемлекеттік қызметкерлер қамтылған және қолжеткізу индикаторлары белгіленген.

Бағдарламаның ауқымдылығы елімізде тіл мәселесі әліде өзекті екенін әрі оны шешу үшін жүйелі және кешенді шаралар қажеттігін көрсетеді, сондай-ақ онда көзделген іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында республикалық және жергілікті қаражат көзінен 9 жылда 31610,8 млн. теңге жұмсалған, соның ішінде 27089,7 млн.теңге республикалық, ал 4 521,1 млн.теңге жергілікті қаражат көзінен[33].

Осы ретте талдаудың мақсаты мемлекеттік органдарда мемлекеттік тіл саясатының тиімді жүзеге асуын сараптау болып табылады.

Жалпы жоспарланған, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру негізгі 3 кезеңнен тұрады. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты елімізде тұратын әр ұлт өкілдерінің тілдерін сақтауға қолдау көрсете отырып, ұлттық ел бірлігінің нышаны ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымда қолданылуына қажетті жағдайлар жасай отырып сындарлы тіл саясатын қалыптастыру болып табылады.

Бастапқыда бағдарламада 11 индикатор белгіленген болатын, кейіннен оның 2-і екінші кезеңде алынып тасталды, соның ішінде «Аккредиттелген қазақ тілін оқыту орталықтарының үлесі» жөніндегі индикатор заңнамада қайшылықтардың туындау қаупіне мүмкін болғандықтан және «Терминдерді талқылау мен терминологияны түсіну процессіне халықтың белсенділік деңгейінің» төмен болуына байланысты алынып тасталды.

Дегенмен де бағдарламаның қалған 9 индикаторы бойынша жоспар толығымен орындалмаған. Сонымен бірге 2014 жылы мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі (мемлекеттік қызметкерлерді қоса алғанда), қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесі, тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысына шешім қабылдау процесін талқылауға қоғамдық қол жеткізу және ашықтық қағидаттарын сақтау бөлігінде қанағаттану дәрежесі сияқты жекелеген көрсеткіштер негізгі нәтижеге жетпеген болса, 2014 пен 2015 жылдары ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың (мемлекеттік қызметкерлерді қоса алғанда) үлесі, үш тілді меңгерген тұрғындардың саны сияқты кейбір жоспарланған индикаторлар асыра орындалған деп көрсетілген.

Бұған қоса бағдарламадағы 12 көрсеткіштің 6-сы ғана қол жеткізілген. Ал қалған 6-ның орындалмау себептері мемлекеттік тілді оқыту курсының (оның ішінде мемлекеттік қызметкерлерді оқыту) орнына латын графикасын оқыту курстарын ұйымдастыру, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тілді танымалы етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру үшін қаражат бөлмеуі, сонымен бірге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілдің қолданылу дәрежесін анықтау үшін тексеру жүргізуге қойылған шектеулермен түсіндірілген.

Мемлекеттік бағдарлама іс-шараларының тиімсіз іске асырылуына қазақ тіліне деген сұранысты арттыру және бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату тетіктерінің болмауы, мемлекеттік қызметте және өзге де ұлттық компанияларда мемлекеттік тілді қолдану мәселелері, мемлекеттік тілді білу деңгейін арттыру, үштілділікті енгізу жөніндегі шаралар туралы ақпараттың жеткіліксіз

таратылуы, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаны бағалау мен мониторинг жүргізу әдістемесінің жетілдірілмеуі негізгі себеп болып отыр[34].

Бұл өз кезегінде мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу кезінде тілдік ахуалға тиісті деңгейде терең талдау жасалмағанын және бағдарламада көзделген индикаторлардың орындалуын бақылау мен ұйымдастыру тетіктерін жетілдірілмеген, сондай-ақ көрсеткіштердің орындалу дәрежесін бағалау механизмі қажетті сапада ұйымдастырылмағанын айғақтайды.

Дегенмен де бағдарламада көрсетілген нысаналы индикаторлар мен нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізу бөлігі сандық мөлшермен белгіленуі мақсатты мәндердің нәтижелі әрі қолжетімді болуына ықпал етеді. Жалпы бағдарламада мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі мен үлесін анықтау «Қазтест» бағалау жүйесі арқылы жүзеге асырылып келеді және В1 (орта), ал С1 (жоғары) деңгейдің көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ақпаратына сәйкес «Қазтест» жүйесі арқылы 2017 жылы 25055 мемлекеттік қызметші, 2018 жылы 24657 мемлекеттік қызметші, 2019 жылы 15835 мемлекеттік қызметші мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау бойынша тест тапсырған[35].

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017 – 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында «Қазтест» бағалау жүйесі аясында белгілі болатын мемлекеттік тілді (В1, С1 деңгейінде) білетін мемлекеттік қызметкерлердің үлесі 2017 жылы В1 деңгейі бойынша – 28%, С1 деңгейі бойынша – 8%; 2018 жылы В1 деңгейі бойынша – 30%, С1 деңгейі бойынша – 9%; ал 2019 жылы В1 деңгейінде – 35%, С1 деңгейінде – 10% жетеді деп жоспарланған.

«Қазтест» бағалау жүйесі арқылы өткізілген тестілеу нәтижесіне сәйкес мемлекеттік тілді меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі 2017 жылы В1 деңгейінде– 42,2%, С1 деңгейінде– 1,4%; 2018 жылы В1 деңгейінде – 32,7%, С1 деңгейінде – 3,6%, 2019 жылы В1 деңгейінде – 33%, С1 деңгейінде – 3,2% көрсетті[36].

«Қазтест» нәтижесі мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі 2019 жылы мәнді көрсеткішке жетпегенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар мемлекеттік тілді С1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметкерлердің үлесі бойынша индикатор соңғы үш жылда мүлде орындалмағаны анықталып отыр. Мемлекеттік органдарда қазақ тілін жетік білетін қызметкерлердің үлесі төмен болып отыр. Сонымен бірге мемлекеттік органдар тарапынан қызметкерлерге тиісті талаптар мен жауапкершілік жүктелмеу себепті тестілеу процесіне қатыстырылған қызметкерлердің саны жылдан жылға азайып отырғаны байқалады.

Сонымен бірге 2017 жылдан бастап ҚР СТ 1925-2015, ҚР СТ 1926-2015, ҚР СТ 1927-2015, ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1929-2015 Ұлттық стандарттары қабылданып, мемлекеттік тілді В1, С1 деңгейлерінде білуі қажет деген



кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі анықталған. Соған қарамастан мемлекеттік тілді B1, C1 деңгейлерінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі, мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесі тек ішінара орындалып отыр. Бекітілген Стандартқа сәйкес мемлекеттік тілді C1 деңгейінде меңгерулері керек қызметшілер санына саяси қызметшілер мен басшылық лауазымдағы қызметшілер жатқызылған. Дегенмен әлі күнге дейін аталған қызметшілердің тест жұмысына қатыспай отырғаны себепті тілді меңгеру көрсеткіші ішінара орындалуда. Сол себепті «ҚАЗТЕСТ» жүйесі аясында белгілі болатын қазақ тілін C1 (жоғары) деңгейінде білетін мемлекеттік қызметшілердің үлесін көбейту бойынша жоспар орындалмай отыр [14].

Бағдарламада анықталған негізі нысаналы индикаторлардың бірі мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі 2014 жылы – 20%; 2015 жылы – 75%; 2016 жылы – 80%; 2017 жылы – 83%; 2018 жылы – 85%; 2019 жылы – 90% жеткізу көзделген. Аталған индикаторлар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша ұйымдастырылатын «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты» мәселелері бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесінде анықталды. Зерттеу қорытындысы бойынша мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі 2014 жылы – 7%; 2015 жылы – 76,3%; 2016 жылы – 82,3; 2017 жылы – 83,1%; 2018 жылы – 85,9%; 2019 жылы – 90% болған.

Алайда, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері елде орын алып отырған тілдік ахуалдың объективті көрінісін толық ашып көрсете алмау себепті жоғарыда аталған нысаналы индикатор көрсеткіші күмән келтіреді, өйткені бүгінгі күнге дейін қазақ тілін меңгеру, оның ішінде азаматтардың жекелеген санаттары үшін талап етілетін деңгей белгіленбеген[34]. Бұл жерде атап өтетін жайт, 2014 жылы индикаторды анықтау «Қазтест» бағалау жүйесі арқылы жүзеге асырылған, нәтижесінде мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі жоспарлық көрсеткіштен бірнеше есе төмен болған.

Сонымен бірге 2014 жыл индикаторға қол жеткізбеу себебі мемлекеттік қызметшілерді «Қазтест» жүйесі арқылы тестілеуді тапсыруға міндеттейтін нормативтік-құқықтық құжаттың болмауына және қаржылық мәселенің шешілмеуімен түсіндірілген.«Қазтест» жүйесі бойынша нормативтік-құқықтық норма 2014 жылы енгізілмеу себебі ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік тіл саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына саяси шешімге байланысты тілдік мәселелер бойынша толықтырулар болмаған [14]. Бағдарламаны қабылдау кезінде оны іске асыру механизмдерінің басқа да нормативтік құқықтық актілермен байланысы терең зерттеліп, тиісті талдау, болжау жасалмағанын байқатады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл комитеті тапсырысы бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеулер нәтижесі елімізде әкімшіліктер мен мемлекеттік басқару орындарында респонденттердің небары 7,9% «қазақ тілін», ал 27,4% «көбіне қазақ тілін қолданамын» деген

жауап бергендерін көрсетті. Демек, ресми қатынастағы ауызша коммуникацияда мемлекеттік тілдің шектеліп, өз құқықтық-нормативтік негізінде қолданылмайтын жайттардың көптігін көрсетеді [30].

Мемлекеттік қызметкерлердің тілдік құзыреттілігін арттырудың тиімді жолы - оларды мемлекеттік тілді оқыту курстарымен қамтамасыз ету болып табылады. Алайда мемлекеттік тілді оқытындар санының өсуі көрсеткіші бойынша 2019 жылы тілді оқыту курсымен қамтылғандар үлесі – 73% құраған, ал жоспарға сәйкес –100% болу керек болған. Ал осы есепті кезеңде республика бойынша мемлекеттік тілді тегін оқытатын орталықтарының саны – 99 жеткенін ескерсек, тілді оқыту процесіне қатысу үдірісі төмен екені байқалады[14].

Сонымен бірге мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудің негізі жолдарының бірі – құжат айналымын мемлекеттік тілді жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады. Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан жүргізілетін мониторинг нәтижесіне мемлекеттік органдардағы мемлекеттік тілде іс жүргізуінің үлесі 94% құрап отыр. Алайда экономикалық сектордың маңызды бөлігін құраушы Ұлттық компаниялардағы мемлекеттік тілдегі құжат айналым үлесі төмен – 46%-ды ғана құрайды.

Сонымен бірге орталық мемлекеттік органдарда өздеріне бағынысты мекемелерден құжаттарды ресми, яғни орыс тілінде талап ету жиі орын алатыны айтылған. Көп жағдайда құжаттың негізгі мәтіні орысша әзірленеді нәтижесінде мемлекеттік тіл аударма тілі міндетін атқарумен шектеліп отырғанын айғақтайды [37].

2014 жылғы 28 шілдедегі Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің баспасөз релизіне сәйкес мемлекеттік бағдарламаны іске асыру аралық кезеңінде тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған, сондай-ақ жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бағдарламадағы шараларды орындау бойынша қызметтерін үйлестіру және қадағалау жасалмаған. Сонымен бірге бағдарламаны қабылдау кезінде күтілетін нәтижелерге тиісті талдау жүргізілмеген. «Қазтест» бағдарламасын енгізу жұмысының сапасы төмен екенін атап өткен. Жалпы бюджеттік және өзге де заңнамаларды бұзу шығыны 2,6 млрд. теңге, тиімсіз қолдану 495,5 млн. теңге деп мәлімдеген [38].

Жалпы мемлекеттік бағдарламадағы нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерді жоспарлау процесі әлсіз екені, соның ішінде болжау құралдарының жұмысы мен стратегиялық жоспарлау процесіне тартылған қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру қажеттігі көрсетілген. Мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін үйренуге қызығушылығын ынталандырудың тиімді әдістерін әзірлеу. «Мотивациялық» әдістерді енгізу қажет.

2020 жылдан бастап еліміздегі тіл саясаты «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) аясында жүзеге асырылуда. Аталған Мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітіліп қолданысқа енгізілген. Мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасының Конституциясының 7, 93-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан

Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі 151 Заңына және Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына, сондай-ақ қолданыстағы басқада заңнамалық актілер мен стратегиялық құжаттарға негізделі отырып әзірленген. Негізі мақсаты қазақ тілінің берілген мәртебесі аясында толық қолданылуына жағдай жасай отырып, латын әліпбиіне көшіру арқылы жаңғырту, тіл мәдениеті мен тілдік капиталды жетілдіруге бағытталған сындарлы тіл саясатын жүзеге асыру болып табылады[39].

Аталған мемлекеттік бағдарламаның бұған дейінгі қабылданған бағдарламалардан қарағанда мерзімі жағынан айтарлықтай қысқартылғанымен, жаңа және жан-жақты әрі терең талдау мен зерттеулерге негізделген тетіктер мен инструменталды әдістерін қолдана отырып мемлекеттік тілді одан әрі дамыту саясатын ілгерлетуді көздейді.

Сонымен бірге Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу келесі 4 нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады(бұған дейінгі бағдарламада олардың саны 9 болған): «Латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылардың үлесі: 2022 жылы – 10 %, 2023 жылы – 20 %, 2024 жылы – 30%, 2025 жылы – 50 %», «Мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі: 2020 жылы – 90,5 %, 2021 жылы – 91 %, 2022 жылы – 92 %, 2023 жылы – 93 %, 2024 жылы – 94 %, 2025 жылы – 95%», «Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі: 2020 жылы – 74 %, 2021 жылы – 75 %, 2022 жылы – 76 %, 2023 жылы – 77 %, 2024 жылы – 78 %, 2025 жылы – 79 %», «Үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі: 2020 жылы – 26%, 2021 жылы – 27%, 2022 жылы – 28%, 2023 жылы – 29%, 2024 жылы – 30%, 2025 жылы – 31%»[38]. Соңғы үш индикатор алдыңғы бағдарламаның логикалық жалғасы ретінде қалдырылған.

Сондай-ақ мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту үшін мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жанынан білім беру деңгейлері бойынша тегін курстар ұйымдастыру көзделген. Алайда бұған дейінгі бағдарламалар нәтижелері көрсеткендей мемлекеттік қызметкерлерді осындай курстарға қатысуларын талап ететін құқықтық-нормативтік базасын арнайы жаңа заң арқылы қалыптастыру тиімді болмақ[37].

Мемлекеттік органдарда қызметкерлердің тілдік құзыреттілігін ұлттық стандарт негізінде «Қазтест» жүйесі бойынша айқындау тәсілі осы Мемлекеттік бағдарламада да негізгі көрсеткіштердің бірі болып отыр. Осы ретте «Мемлекеттік тілді В2 (ортадан жоғары) деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметкерлер» және де «мемлекеттік тілді С1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдар қызметкерлерінің үлесі» жеке-жеке тармаққа бөлінген. Осыған дейінгі бағдарламадағы «Мемлекеттік тілді В1 (С1) деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі» деп қоланылып келгенін атап өткен жөн.

Мемлекеттік бағдарламасының 2020 жылы орындалуы туралы есебіне сәйкес «Қазтест» жүйесі арқылы 2515 мемлекеттік қызметші диагностикалық

тестілеуден өтіп, нәтижесінде 663 мемлекеттік қызметші (26,4%) мемлекеттік тілді ортадан жоғары (B2) деңгейде меңгергендерін көрсетті. Аталған көрсеткіш бойынша жоспар 20% болған. Дегенмен COVID-19 коронавирусына байланысты диагностикалық тестілеуге өңірлердегі мемлекеттік қызметшілер мүлде қатыстырылмаған.

Мемлекеттік тілді C1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдар қызметкерлерінің үлесі анықтау мақсатында 4773 мемлекеттік қызметші мен мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдар қызметкерлері диагностикалық тестілеуден өткен. Тестілеу нәтижесі бойынша 69 мемлекеттік қызметші мен мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдар қызметкерлері (1,5%) мемлекеттік тілді жоғары (C1) деңгейде меңгергендерін көрсетті. Жоспар бойынша 9% болуы керек еді. Орындалмау себебі COVID-19 коронавирусына байланысты республика көлемінде төтенше жағдайлардың болуымен түсіндіріледі. Яғни шетелдік Doulingo English test платформаларын зерттей отырып «Қазтест» жүйесі арқылы қашықтықтан диагностикалық тестілеу жүргізу жолдарын дамытуды қажеттігі байқалады.

Мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесіне келетін болсақ аталған индикатор «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты» мәселелері бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесінде анықталған. Сауалнамаға 10000 респондент қатыстырылып, қорытындысы бойынша мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі 90,5%-ті құраған. Соның ішінде қатысушылардың 14,5%-і қазақ тілін толық кәсіби меңгергендіктерін көрсеткен.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңына көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қолға алынып, 2020 жылдың 1 маусымында жоба (мемлекеттік және орыс тілдерінде) ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жария талқылау үшін орналастырылды. Қазіргі уақытта Заң жобасы Парламент Мәжілісінің жұмыс тобының отырыстарында қаралуда[40].


Жалпы алғанда аталған мемлекеттік бағдарлама аясында жоспарланған шаралар жиынтығы жаңа латын әліпбиіне негізделі отырып мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейте түседі деп күтілуде.

### **Жамбыл облысында мемлекеттік органдарда тіл саясатының қолдануы бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелерінің талдамасы.**

Жамбыл облысындағы мемлекеттік мекемелерінде тіл саясатының жүзеге асырылу барысын білу үшін мемлекеттік қызметкерлер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама 2020 жылдың 4 тоқсанында ұйымдастырылды. Сауалнама барысында қатысушылар қазіргі кезде мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты сұрақтарға жауап берді. Сауалнамаға 150 астам мемлекеттік қызметкер қатысты. Сауалнамада мемлекеттік тіл мәселесі бойынша 12 сұрақ қойылған. Сауалнама нәтижелері келесідей болды.


Сұрақ 1. Сіздің мемлекеттік тілді білу деңгейіңізді көрсетіңіз деген сұраққа қатысушылардың – 70 % «еркін сөйлеймін, оқимын және жазамын»;

қатысушылардың – 18% «сөйлеймін және оқимын»; қатысушалардың – 7% «түсінемін және шамалы сөйлеймін», қатысушылардың – 5% «сөйлемеймін, бірақ түсінемін» деп жауап берген. Жалпы орта есеппен алсақ мемлекеттік тілді меңгергендер үлесі 90% жуық болып отыр.



1 – сурет. «Мемлекеттік тілді білу деңгейі» көрсеткіші.  
Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.

Сұрақ 2. Сіздің орыс тілін білу деңгейіңіз қандай деген сұраққа қатысушылардың–72 % «еркін сөйлеймін, оқимын және жазамын»; қатысушылардың –19% «сөйлеймін және оқимын»; қатысушалардың–5% «түсінемін және шамалы сөйлеймін», қатысушылардың –4% «сөйлемеймін, бірақ түсінемін» деп жауап берген.



2– сурет. «Орыс тілін білу деңгейі» көрсеткіші.  
Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.

Сұрақ 3. Сіздің ағылшын тілін білу деңгейіңіз қандай деген сұраққа қатысушылардың –27 % «еркін сөйлеймін, оқимын және жазамын»; қатысушылардың –23% «сөйлеймін және оқимын»; қатысушылардың–20% «түсінемін және шамалы сөйлеймін», қатысушылардың –30% «сөйлемеймін, бірақ түсінемін» деп жауап берген.



3– сурет. «Ағылшын тілін білу деңгейі» көрсеткіші.  
Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.

Сұрақ 4. Сіздің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілін білу деңгейіңіз қандай сұраққа қатысушылардың –25 % «еркін сөйлеймін, оқимын және жазамын»; қатысушылардың – 22% «сөйлеймін және оқимын»; қатысушылардың–13% «түсінемін және шамалы сөйлеймін», қатысушылардың–40% «сөйлемеймін, бірақ түсінемін» деп жауап берген.



4– сурет. «Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілін білу деңгейі» көрсеткіші.  
Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.

Сұрақ 5. Қызмет атқару барысында қай тілді қолданасыз деген сұраққа респонденттердің 15% «көп жағдайда қазақ тілін», 37% «көп жағдайда орыс тілін», 25% «қазақ тілімен қатар орыс тілін», 13% «тек орыс тілін», 10% «тек қана қазақ тілін» деп жауап берген.



5– сурет. «Қызмет атқару барысында қай тілді қолданады» көрсеткіші.  
Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.

Сұрақ 6. Жұмыс барысында мемлекеттік тілді қандай мақсаттарда қолданасыз деген сауалнамаға респонденттердің 45% «ресми құжаттарды әзірлеу кезінде», 19% «әріптестеріммен араласқан кезде», 25% «ресми іс шаралар ұйымдастыру және өткізу кезінде», 7% «басшылықпен берілген тапсырманы талқылау, пысықтау барысында», 4% «тұрақты түрде жұмыс барысында қолданамын» деп жауап берген.



6– сурет. «Жұмыс барысында мемлекеттік тілді қандай мақсаттарда қолданылады» бойынша көрсеткіші.

*Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.*


Сұрақ 7.

Мемлекеттік қызмет саласындағы мемлекеттік тіл саясатын қалай бағалайсыз деген сұраққа қатысушылардың 51% «жақсы жоспарланған, бірақ талаптарды күшейту қажет», 23% «мемлекеттік тілді үйренуге ынталандыру жоқ»,

17% «оны жүзеге асыру механизмдерін жетілдіру қажет» 9% «тиімділігі төмен» деп жауап берген.



Мемлекеттік қызмет саласындағы мемлекеттік тіл саясатын қалай бағалайсыз?



- «жақсы жоспарланған, бірақ талаптарды күшейту қажет»,
- «мемлекеттік тілді үйренуге ынталадыру жоқ»
- «жүзеге асыру механизмдерін жетілдіру қажет»
- «тиімділігі төмен»

7– сурет. «Мемлекеттік қызмет саласындағы мемлекеттік тіл саясатын бағалау» бойынша көрсеткіші.

*Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.*

Сұрақ 8.

Сіздің ойыңызша мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту жолдары қандай деген сауалнамаға респонденттердің 16% «мемлекеттік органдар жанында қазақ тілін оқыту курстарын ұйымдастыру», 24% «мемлекеттік тілді білуді міндеттейтін жаңа құқықтық нормативтік актілер қабылдау», 19% «мемлекеттік қызметке «Қазтест» тестілеу нәтижесі негізінде қабылдау», 31% «мемлекеттік қызметте тек мемлекеттік тілді қолдану» деген нұсқаларын таңдаған.




8– сурет. «Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту» бойынша көрсеткіші.

*Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.*

### Сұрақ 9

Сіздің пікіріңізше қазақ тілін латын әліпбине ауыстыру мемлекеттік органдарда қалай жүзеге асырылуы керек деп ойлайсыз деген сауалнамаға респонденттердің 26% «алдымен мемлекеттік қызметкерлерді оқыту керек», 32% «латын әліпбиін оқыту мен енгізу қатар жүзеге асуы керек», 7% «мемлекеттік органдар қазірден бастап енгізуге дайын», 10% «алдымен апробация болуы керек», 25% «2025 жылға дейін кезең-кезеңімен енгізілуі керек» деп жауап берген.

**Қазақ тілін латын әліпбине ауыстыру мемлекеттік органдарда қалай жүзеге асырылуы керек**



- «алдымен мемлекеттік қызметкерлерді оқыту керек»
- «латын әліпбиін оқыту мен енгізу қатар жүзеге асуы керек»
- «мемлекеттік органдар қазірден бастап енгізуге дайын»
- «алдымен апробация болуы керек»
- «2025 жылға дейін кезең-кезеңімен енгізілуі керек»

9– сурет.«Қазақ тілін латын әліпбине ауыстыру мемлекеттік органдарда жүзеге асырылуы» бойынша көрсеткіші.

*Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.*

**Сұрақ 10**

Сіздің пікіріңізше мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің толық қолданысқа енгізілмей отырғанына не кедергі деген сұраққа респонденттердің 6% «басшылық тарапынан қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгерулеріне қолдау жоқ»31% «құжаттарды әзірлеген кезде алдымен орыс тілінде дайындау» 30% «мекеме қызметкерлерімен жүргізілетін отырыстардың басым бөлігі ресми тілде болуы» 33% «мемлекеттік тілді білуге қойылатын талаптардың төмендігі» деп жауап берген.

**Сіздің пікіріңізше мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің толық қолданысқа енгізілмей отырғанына не кедергі**




- «басшылық тарапынан қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгерулеріне қолдау жоқ»
- «құжаттарды әзірлеген кезде алдымен орыс тілінде дайындау»
- «мекеме қызметкерлерімен жүргізілетін отырыстардың басым бөлігі ресми тілде болуы»

10– сурет. «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің толық қолданысқа енгізілу барысындағы кедергілер» бойынша көрсеткіші.

*Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.*

### Сұрақ 11

Сіздің ойыңызша болашақта мемлекеттік қызметкерлер үшін мемлекеттік тілді білу деңгейіне қойылатын талаптар арта ма деген сұраққа респонденттердің 56% «иә, міндетті түрде талап күшейтіледі» 31% «мүмкін біршама күшейтіледі» 9% «күшейтіледі деп ойламаймын» 4% «жоқ, қазақ және орыс тілі екеуі бірдей қолданыла береді»



11– сурет.«Болашақта мемлекеттік қызметкерлер үшін мемлекеттік тілді білу деңгейіне қойылатын талаптар» бойынша көрсеткіші.

*Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.*

### Сұрақ 12

Мемлекеттік тілді дамыту мемлекеттік қызметтен басталуы қажет деген пікірді қолдайсыз ба деген сауалға қатысушылардың 45% «иә, мемлекеттік қызмет толық қазақ тіліне көшкенде ғана қоғамда сол тілде сөйлейтін болады» 39% «алдымен білім беру мекемелерін толық қазақ тіліне көшіру керек» 16% «отбасында қазақша сөйлесу керек» деп жауап берген.

### Мемлекеттік тілді дамыту мемлекеттік қызметтен басталуы қажет деген пікірді қолдайсыз ба



12– сурет.«Мемлекеттік тілді дамыту мемлекеттік қызметтен басталуы қажет деген пікір» бойынша көрсеткіші.

*Ескерту: Сауалнама негізінде жасалынды.*

Жалпы жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасауға болады. Қазірде тұрғындардың 70% қазақтар болатын бұл өңірде мемлекеттік тіл мемлекеттік қызметте қолданылу деңгейі әлі де дамытуды қажет ететіні байқалады. Тұрғындардың 90% жуығы қазақ тілін білгенімен қызмет барысында дәл осындай дәрежеде қолданылмай, тек ресми құжаттарды аудару кезінде ғана пайдаланатынын көрсетіп отыр. Оның негізгі себептері ретінде тиісті талаптың жоқтығы мен ресми отырыстардың басым бөлігінің ашылуы қазақ тілінде қалған бөлігі тек ресми тілде болатыны, басшылық тарапынан қолдау жоқтығымен түсіндіріледі. Ал мемлекеттік тіл саясатының тиімділігіне қатысты сауалға респонденттердің басым бөлігі жақсы жоспарланғанымен талаптың болмауы себепті толыққанды іске аспай отырғанын атап отыр. Дегенмен де мемлекеттік тілдің дамуын қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуімен байланыстыра отырып, алдымен мемлекеттік қызмет саласында тіл саясаты дұрыс жүзеге асырылса, қоғам да қазақ тілінің аясы кеңейеді деп сенетіндерін білдірген. Сонымен бірге мемлекеттік қызметшілер арасында жылдан жылға мемлекеттік тілді және үшті тілді меңгерген қызметкерлердің үлесі артып келе жатқаны байқалады.

## Қорытынды

Бүгінгі таңда егемен еліміз үшін қазақ тілінің қоғамның барлық саласында толық қолданылуына қол жеткізу өзекті мәселенің бірі болып отыр. Тіл - тәуелсіздігіміздің тұғыры, еліміздің біргеілігінің белгісі. Қазақ тілі ежелден атадан балаға мұра болып келе жатқан рухани байлығымыз. Оны сақтап одан әрі дамыту бүгінгі күннің мақсаты, себебі асылында тілсіз ұлт, ұлтсыз тіл болмайды. Тәуелсіздік алғаннан бастап мемлекетіміз мемлекеттік тілді дамыту аясында біршама шаралар қабылдап келеді. Тіл туралы заң қабылданып, мемлекеттік тілді дамыту мен қолдануға арналған мемлекеттік бағдарламалар әзірленіп, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, қоғамның барлық саласында қолдануын қамтамасыз етуге, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға оның халықаралық дәрежесін көтеруге бағытталған көпдеген іс-шараларды жүзеге асырды. Ол үшін мемлекет қорынан қомақты қаржы жұмысалды. Тек соңғы 9 жылда тілдерді дамыту мен қолданудың арналған мемлекеттік бағдарламасын 31610,8 млн. теңге жұмсалған. Бұл өз кезегінде тіл саясатына мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп отырғанын аңғартады. Осының нәтижесін жыл сайын мемлекеттік тілді меңгерген халықтың саны артып, қазақ тілінің лексикалық базасы жаңартылып, идеологиялық тұрғыдан атаулары ескерген елді мекендерге елімізге жер су, ұлттың құндылықтарға байланысты, ұлы тұлғалар есімі беріліп, бірте-бірте қазақ тілі қанатын жайып келеді. Білім беру саласында тек қазақ тілінде ғана білім беретін оқу орындары саны артып, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тілдегі контенттің үлесі де біршама көбейген. Сол сияқты еліміздің азаматтарын, соның ішінде мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілді тегін оқыту курстарымен қамтамасыз ету мақсатында республика бойынша мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылы, бүгінде олардың саны 100 асқан. Жыл сайын көпдеген азаматтарымыз қазақ тілін үйреніп жатыр. Сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау мақсатында әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, IELTS, TOEFL тәрізді «Қазтест» бағалау жүйесін енгізілді. «Қазтест» жүйесі арқылы мемлекеттік органдардағы қызметкерлердің мемлекеттік тілді қаншалықты деңгейде меңгергенін анықтау үшін жыл сайын тестілеу өткізіліп келеді. Жоғарыда айтылғандай 2019 жылдың қорытындысы бойынша анықталатын мемлекеттік тілді C1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі мәнді нәтижеге жетпей отырғанын көрсетті. Сондай-ақ бекітілген ұлттық стандартқа сәйкес тестілеу шарасына мемлекеттік қызметкерлер, соның ішінде саяси қызметшілер мен басшылық лауазымдағы қызметшілердің қатысу белсенділігі өте төмен болып отырғанын көрсетті. Осындай немқұрайлықтың нәтижесінде мемлекеттік тілді тиісті деңгейде білетін қызметкерлер нақты санын анықтау мүмкін емес болып отыр. Бұл өз кезегінде қанша қызметкерлерді тілді оқыту курсымен қамтамасыз ету қажеттілігін анықтауға кедергі. Сонымен бірге мемлекеттік қызметкерлердің тілдік құзреттіліктерінің төмендігінен мемлекеттік органдарда өткізілетін ресми шаралар, жиын мен отырыстардың басым бөлігі ресми тілде, яғни орыс тілінде

жүргізіледі, сонымен бірге ресми құжаттарды (хат, өкім, бұйырық, қаулы және басқада құқықтық нормативтік актілер) орыс тілінде әзірленіп, басшылардың қарауларынан кейін ғана мемлекеттік тілге аударылады. Осындай олқылықтардың басты себебі мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді белгілі деңгейде білуді міндеттейтін құқықтық нормативтік актілердің болмауымен байланысты. Сол себепті мемлекеттік тіл саясаты саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі төмен. Жоғарыда айтқанымыздай көп деген посткеңестік мемлекеттер өздерінің тәуелсіздігін алған сәттен бастап тіл туралы заңдарына тиісті өзгертулер енгізе отырып мемлекеттік тілдерінің мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, білім беру саласында толық қолданылуын міндеттеді. Соның ішінде қостілділіктен арылып мемлекеттік тілге деген талапты барынша күшеткендер де жоқ емес.

Осы ретте келесідей ұсыныс бергенді жөн санаймыз.

**Бірінші.** Мемлекеттік органдарда тіл саясатын 2020-2025 жылдары тиімді жүзеге асыру үшін қолданыстағы Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңына мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді білу деңгейі бөлігінде өзгертулер мен толықтырулар енгізе отырып, талаптарды біршама күшейту қажет. Мемлекет осы күнге дейін мемлекеттік тілді білуді либералды тәсіл арқылы жүзеге асырып келді. Бұл тиісті нәтиже бермеді, сондықтан инструменталды әдісті қолдана отырып барынша жоғары талаптар қоятын заң қабылдау қажет. Жаңа Тіл туралы заңда мемлекеттік органдарда ресми құжаттарды әзірлеу, отырыстар мен ресми шараларды өткізу, қызметкерлердің жұмыс барысында өзара қарым-қатынас жасау тек қана мемлекеттік тілде болуын міндеттей отырып, бұл талаптар бұзылған жағдайда тиісті жаза қолданылатынын анық көрсеткен дұрыс. Сонымен бірге кез келген үміткерді мемлекеттік қызметке (саяси немесе әкімшілік қызметке) «Қазтест» жүйесінде өткізілетін тестілеу нәтижесінде қабылдау мәселесін Тіл туралы заң аясында реттелуі керек. Онда ұлттық стандарттарға сәйкес әр лауазым иесіне тілді білу деңгейіне қойылатын нақты талап көрсетіледі.

**Екіншіден.** Мемлекеттік қызмет саласында білім беретін барлық жоғары оқу орындарына қабылдау мемлекеттік тілді белгілі деңгейде білу шартымен жүзеге асырылуы қажет. Үміткер мемлекеттік тілді білу деңгейін растай алмаған жағдайда оның құжаттары комиссия қарауына жіберілмейді.

Осы жерде оң тәжірибе ретінде биылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға түсемін деген үміткерлер үшін «Қазтест» жүйесі негізінде (B1 деңгейінен кем емес) мемлекеттік тілді білетіндігін растайтын сертификаттың міндетті түрде болуын талап етуді аса қуанышпен атап өтуге болады. Академияның мәртебесін ескере отырып, аталған инструменталды әдіс алдағы уақытта мемлекеттік тілді меңгерген мемлекеттік қызметкерлер санының өсуіне өз септігін тигізетін болады.

**Үшіншіден.** Елімізде тіл саясатының жүзеге асуын қамтамасыз ету және осы саладағы барлық орталық, жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл

саясаты комитетінің қызметіне жатады. Дегенмен Тіл саясаты комитетіне мемлекеттік органдарда Тіл туралы заң мен Мемлекеттік тіл саясаты бағдарламасының қажетті деңгейде орындалуы барысына тексеріс жүргізу және олқылықтар анықталған жағдайда тиісті шаралар қолдану, кінәлі тұлғаларды тәртіптік жазаға тарту мүмкіндігі берілмеген. Осы ретте шетелдік тәжірибеге сүйене отырып аталған құзыреттерге ие болатын Қазақстан Республикасының Тіл инспекциясын құрған абзал. Аталған мемлекеттік орган жүйелі түрде республика бойынша арнайы бақылау ұйымдастырып, нәтижелерін БАҚ-та жариялап отыратын болады. Ал бұл өз кезегінде басқа мемлекеттік органдарда Тіл туралы заң талаптарының толық орындалуына зор ықпал ететін болады.

Тек талапты күшейте отырып біз мемлекеттік тілге деген сұранысты арттырып, оның толық қолданылуына қол жеткіземіз.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы–  
URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> Жүгіну күні: 18.03.2021
- 2 Қазақстан Республикасындағы тіл туралы ҚР 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы–URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151> Жүгіну күні: 18.03.2021
- 3 Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қосымша қаулысы» –URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S970000010> Жүгіну күні: 18.03.2021
- 4 Губогло, М.Н. «Языки этнической мобилизации»//Школа «Языки русской культуры», Москва. 1998 – 60-100 б.
- 5 Руссо, Л.Ж. Разработка и проведение в жизнь языковой политики //Языковая политика в современном мире. – СПб.: Златоусте. 2007.97–121 б.
- 6 Швейцер, А.Д., Никольский, Л.Б.«Введение в социолингвистику»// Москва, Высшая школа, 1978 ж. – 100-155 б.
- 7 Мартынюк, А. Я. «К вопросу о языковой политике» Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И.Вернадского. //Филологические науки. Том 2 (68). №1. 2016. 68–71 б.
- 8 Дятленко, П.И. Языковая политика и языковые реформы в государственном и национальном строительстве. Аналитический обзор//Социологическое обозрение, 2007. – URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/yazykovaya-politika-i-yazykovye-reformy-v-gosudarstvennom-i-natsionalnom-stroitelstve-analiticheskiy-obzor/viewer> Жүгіну күні: 24.03.2021
- 9 Тіл туралы заңның орындалуы// образовательный портал Инфоурок– URL:<https://infourok.ru/til-turali-zani-orindalui-2704671.html> Жүгіну күні: 24.03.2021
- 10 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан–URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> Жүгіну күні: 24.03.2021
- 11 «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР

- Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы–  
URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> Жүгіну күні: 24.03.2021
- 12 Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылғы 12 сәуірдегі мақаласы–URL:[https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru\\_a3016293](https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293) Жүгіну күні: 3.04.2021
- 13 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы №27-ө өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары»–URL: [http://resurstil.kz/kk/o\\_centere\\_1\\_1](http://resurstil.kz/kk/o_centere_1_1) Жүгіну күні: 15.04.2021
- 14 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы туралы есеп//ҚР Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті
- 15 Баяндина, С.Ж. «Языковая политика: теория и практика» –URL: [http://www.rusnauka.com/22\\_PNR\\_2013/Philologia/4\\_143398.doc.htm](http://www.rusnauka.com/22_PNR_2013/Philologia/4_143398.doc.htm) Жүгіну күні: 3.04.2021
- 16 Атарщикова, Е.Н. Язык как объект правового регулирования // Общество и право. №4 –2012. 6-19 б.
- 17 Жунусова, Б.Н., Базылхан, Н. «Языковая политика и языковые реформы в государственном и национальном строительстве (на примере Казахстана и Турции)» –URL:<https://articlekz.com/article/19239> Жүгіну күні: 3.04.2021
- 18 Кузнецов, С.Н. «Языковая политика и языковое планирование» – URL:[http://genhis.philol.msu.ru/printer\\_195.shtml](http://genhis.philol.msu.ru/printer_195.shtml) Жүгіну күні: 3.04.2021
- 19 Федюнина, С.М. «Государственная языковая политика и языковое планирование в контексте развития многоэтнического российского общества»–URL: <https://abai.kz/post/48226> Жүгіну күні: 4.04.2021
- 20 Дос Көшім, «Қазақ тіліне қажеттілік тудырудың жалғыз жолы»// Абай kz ақпараттық порталы–URL:<https://abai.kz/post/48226> Жүгіну күні: 4.04.2021
- 21 Долгенко, А.Н., Мурашко, С.Ф., Слышкин, Г.Г.«Структура лингвистической компетенции государственного служащего. Амеология»//Научная электронная библиотека КиберЛенинка– URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/struktura-lingvisticheskoy-kompetentsii-gosudarstvennogo-sluzhaschego/viewer> Жүгіну күні: 25.04.2021.
- 22 Целищев, Н.Н. Языковая политика зарубежных стран– URL:<http://aon.urgau.ru/ru/issues/11/articles/167> Жүгіну күні: 4.04.2021
- 23 Клоков, В.Т. Современный взгляд на языковую политику Франции. 2009.–URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennyy-vzglyad-na-yazykovuyu-politiku-frantsii-chast-i/viewer> Жүгіну күні: 4.04.2021
- 24 Жангазы, Р.Д. Языковая политика во Франции– URL:<https://yvision.kz/post/116224> Жүгіну күні: 10.04.2021

- 25 Лю Цзюань.«О языковой политике в Латвии» – URL:<https://intelros.ru/readroom/quaestio-rossica/r3-2019/40354-politika-monolingvizma-i-multilingvizma-v-latvii-i-kazahstane.html>Жүгіну күні: 15.04.2021
- 26 [https://ru.wikipedia.org/wiki/Языковая\\_инспекция\\_\(Эстония\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Языковая_инспекция_(Эстония))Жүгіну күні: 10.04.2021
- 27 Кузьмина,Т.А.«Языковая политика новых независимых государств. Центрально-азиатского региона» //Журнал Вестник - 2013- №1 (6). –10-15 б.
- 28 Фазылжанова, А.М. «Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырушы органдарға арналған әліпби ауыстырумен байланысты тілтанымдық реформаны жүзеге асырудағы тілдік жағдаят және қауіптерді <ағыл. risk> басқару», Алматы. 2019.
- 29 Оразбаева, Ф. Тіл әлемі [Мәтін]: Оқулық – Алматы., 2009. – 60 б.
- 30 «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 1 ақпандағы №550 Жарлығы– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000550> Жүгіну күні: 15.04.2021
- 31 «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 1 ақпандағы №550 Жарлығы– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000550>Жүгіну күні: 15.04.2021
- 32 «Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің кепілі»//Ана тілі газеті– URL: <http://anatili.kazgazeta.kz/news/3621>Жүгіну күні: 15.04.2021
- 33 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысы– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000401> Жүгіну күні: 15.04.2021
- 34 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бағалау нәтижесі, ҚР ПӘ-нің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 20-2267 хаты// ҚР Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті
- 35 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000401> Жүгіну күні: 15.04.2021
- 36 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017–2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000023> Жүгіну күні: 25.04.2021
- 37 «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» тұжырымдамасы// ҚР Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті

- 38 Ашимбаев, Д.О Государственном языке как о государственной программе (даты, цифры и факты)–URL:<https://nomad.su/?a=3-202102040035>Жүгіну күні: 25.04.2021
- 39 Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген– URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> Жүгіну күні: 28.04.2021
- 40 Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 2020 жылы орындалуы туралы есебі // ҚР Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті

## Аналитикалық жазбахат

Жоба авторы: Сейдуалиева З.С.

Ғылыми жетекші: Н.Т. Туленбергена

<b>Жоба идеясы</b>	<b>Мемлекеттік органдарда тіл саясатын 2020-2025 жылдары жүзеге асырудың тиімді жолдары</b>
<b>Күрделі жағдай (кейс)</b>	<p>Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қолданылу жағдайы көңіл көншітер емес болып отыр. Олай деп отырған себебіміз Республикамыздағы тілдерді қолдану мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында жоспарланған кейбір нәтижелі көрсеткіштер соңғы жылдары мүлде орындалмай келеді. Атап айтқанда қазақ тілін С1 (жоғары) деңгейде білетін қызметкерлер саны мәнді нәтижеге жетер емес. Сол сияқты бекітілген ұлттық стандарттарға <b>сәйкес</b> «Қазтест» бағалау жүйесі бойынша саяси және кейбір жоғары лауазымды тұлғалар диагностикалық тестілеу процесіне қатыспай отыр. Осының бәрі тілімізді дамыту жолында жасалатын талдау, жетілдіру шараларын қабылдау жұмыстарына кері әсер етуде. Ал бұл өз кезегінде <b>тіл саясатының</b> мемлекеттік органдарда қажетті жағдайда орындалмаудың басты себептері.</p>
<b>Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері</b>	<p>Осы күнге дейін еліміз либералды тәсілдер арқылы шешуге әрекет етіп келді. Бұл көзделген мақсаттарға толық жеткізбеді. Ендігі уақытта инструменталды тәсілдер қолдана отырып мемлекеттік тілді міндеттеу қажет. Ол үшін қолданыстағы тіл туралы заңға тиісті өзгертулер енгізу аса маңызды.</p> <p>Оның <b>артықшылықтары</b> тілге деген талаптар артады, бұрынғыдай қаласаң қазақша, ал қаласаң орысша деген болмайды. Мемлекеттік қызметке келесеңіз қазақ тілін білуіңіз қажет болады.</p>
<b>Берілген мәселені шешудің ұсынылатын жолы</b>	<p>Құқықтық нормативтік актілерге мемлекеттік қызметті атқаруға байланысты барлық іс әрекетте тек мемлекеттік тілді қолдануды талап ету. Мемлекеттік қызметке орналасуда «Қазтест» сертификаты міндетті түрде есепке алынады, олсыз үміткер <b>қабылданбайды.</b></p>

	<p>Осы жерде оң тәжірибе ретінде биылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға түсемін деген үміткерлер үшін «Қазтест» жүйесі негізінде (B1 деңгейінен кем емес) мемлекеттік тілді білетіндігін растайтын сертификаттың міндетті түрде болуын талап етуді аса қуанышпен атап өтуге болады.</p> <p><b>Осындай</b> тәсіл мемлекеттік тілге деген сұранысты арттыратыны сөзсіз</p>
<b>Күтілетін нәтиже</b>	<p>Халықаралық тәжірибе көрсеткендей тек заңнамалық актілер арқылы қатаң талаптар қою қажет, сонда ғана тиісті нәтиже шығатынын көрсетті.</p>
<b>Әдебиеттер</b>	<p>Кузьмина Т.А. Языковая политика новых независимых государств центральноазиатского региона.</p> <p>Атарщикова Е.Н. Язык как объект правового регулирования</p> <p>Целищев н. Н. Языковая политика зарубежных стран</p> <p>Клоков В.Т., Современный взгляд на языковую политику Франции. 2009 Жангазы Р.Д. Языковая политика во Франции.</p> <p>Лю Цзюань.О языковой политике в Латвии. 2020</p> <p>Атарщикова Е.Н. Язык как объект правового регулирования \ \ Общество и право – 2012 - №4 – С. 16-19.</p> <p>С.Н. Кузнецов Языковая политика и языковое планирование</p> <p>Федюнина С.М. Государственная языковая политика и языковое планирование в контексте развития многоэтнического российского общества//Вестник поволжской академии государственной службы. 2012</p> <p>Долгенко А. Н., Мурашко С. Ф., Слышкин Г. Г., Структура лингвистической компетенции государственного служащего. Амеология, 2014.</p>